«Ақтөбе облысының білім басқармасы Темір ауданының білім бөлімі» ММ «Айгөлек» бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

# «Айгөлек» бөбекжай-балабақшасының мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Шұбарқұдық - 2023 жыл

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Темір ауданының білім бөлімі» ММ «Айгөлек» бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының өзін-өзі бағалау**

# ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 3 тамыздағы №634 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық негізінде «Айгөлек» балабақшасы МКҚК өзін-өзі зерделеуден өткізілді.

Өзін-өзі бағалаудың мақсаты: ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемелекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талабына сай жүзеге асырылуын анықтау.

1.Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет

1) Мекеменің атауы: «Ақтөбе облысының білім басқармасы Темір ауданының білім бөлімі» ММ «Айгөлек» балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны. Пайдалануға берілген жылы: 2010 жылы «06» қаңтар айында Темір ауданының әкімдігінің №4 қаулысымен құрылды. Сыйымдылығы 75 орын.

2) Білім беру ұйымының орналасқан жері: Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Жақсымай аудандық округі, Шұбарқұдық ауылы, Новостройка көшесі №19 «А» үй.

3) Заңды тұлғаның байланыс деректері: 8 (71346) 2-40-95, электронды поштасы: orazaya@inbox.ru, webcайт: https://aigolek-sad.edu.kz/kz/zin-zi-ba-alau.html Инстаграмм: detsad_aigulek

4) Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері: Оразай Айнұр Сүйеубайқызы Темір аудандық білім бөлімі 2017 жылы 21 ақпан № 66 бұйрығымен тағайындалған.

5) Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары: Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы Қазақстан Республикасының «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақтөбе облыс бойынша филиалының Темір аудандық тіркеу және жер кадастры бөлімімен 28.07.2021 жылы берілген, БСН-100140013500, алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 25.01.2010 жыл.

6) Рұқсат беру құжаттары: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы 2021 жылғы 29 қаңтарындағы №KZ55RVK00030440 берілген хабарлама.

7) Алғашқы медициналық санитарлық көмек дәрігерге дейін Лицензия №102 – 20.04.2010- Ақтөбе облысының денсаулық сақтау Департаменті.

8) Мектепке дейінгі мекеменің меншік иесі құқығына иелік ететін құжаты бар. 2014жылдың 05 наурызында Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының №154 қаулысы бойынша тіркеген. Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі 02-0369-073-388 Жалпы алаң: 1368. Жеручаскесінің алаңы: 0,4905га. Мектепке дейінгі ұйымның ғимараты автономдық жылу жүйесіне қосылған, салқын және ыстық сумен толық қамтамасыз етілген.

2010 жылдың 04 қазанынан бастап санитариялық- эпидемиологиялық қорытындысы №102. Берілген қорытынды: Мектепке дейінгі ұйымның санитариялық ережелер мен гигиеналық нормативтерге сай. Мектепке дейінгі ұйымның санитариялық ережелер мен гигиеналық нормативтерге сай. Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы туралы актісі бар. Санитарлық-эпидемиологиялық өрт қауіпсіздігі қызметтерінің қорытындысы мен тексерілген актілері бар. Мектепке дейінгі ұйымның ішкі және сыртқы келбеті СанЕмН талаптарына сай. Стандарт жүйесіне байланыстыеңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында балабақшада толыққанды жұмыс жақсы жүргізілген. Мекеменің қауіпті жағдайларда эвакуациялау жоспары ғимарат ішінде белгіленген. Жұмысқа жаңа қабылданған қызметкерлерге алғашқы кіріспе нұсқулықтар оқылады. Әрбір тоқсан сайын қызметкерлермен қауіпсіздік нұсқаулықтарды сақтау туралы кеңес өткізіліп, журналдарға қол қойылып отырады. Балалар мен қызметкерлердіңжарақаттануы тіркелмеген. Мекемеде өрт қауіпсіздігі жөнінде, еңбек қауіпсіздігі жөнінде, балалардың өмір қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау жөнінде нұсқаулықтардың барлығы бар, құжаттары талапқа сай жүргізілген.

## Материалдық - техникалық және әлеуметтік базасы

«Айгөлек» балабақшасында балаларды сауықтыруға және денсаулығын дамытуға, жан–жақты оқу–тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға барлық жағдай жасалынған.

Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігі материалдық-техникалық базаның нығаюына көңіл бөледі.

Балабақшада меңгеруші, әдіскер, медициналық кабинет, психолог кабинеттері бар.

Балабақшаның материалдық базасы жыл сайын толықтырылып отырады. Оқу-тәрбие жұмысына қажетті музыка орталығымен барлық топтар жабдықталған. Балабақшада 2 компьютер, 2 принтер 3/1, 1 сканер, 1 ламинаттау аппараты бар. Топтар парта, отырғыш, кереует, шкафтармен жабдықталған. Барлық топ ойыншықтармен, жиһаздармен және сюжетті ойын бұрыштары жиһаздарымен жабдықталған. Топтарда ойын бұрыштары мемлекеттік стандарт талаптарына сай 5 білім дағдысы бойынша безендірілген.

Балабакша қажетті тұрмыстық бұйымдармен: кір жуатын машина, тоңазытқыштар, үтіктейтін аппарат, т.б. жабдықталған. Төсек орын әр балаға 3 данадан, ыдыстар барлық топтарда жеткілікті, үнемі жаңартылып, толықтырылып отырылады. Медициналық бөлме, асхана бөлмесі қажетті құралдармен жабдықталған, СанПин талаптарына сай.

Жеке тұлғаны дамыту бөлмесі ашылып, жаңа материалдармен жабдықталды:

-ойын іс-әрекетіне, әр түрлі ойлау қабілеттеріне қажетті құралдар және материалдармен;
-жапсыру, сурет, құрастыру іс -әрекеттеріне қажетті құралдар;
-балалардың қимылдық іс-әрекеттеріне қажетті спорттық құрал-жабдықтармен жабдықталған.
-Әр топта үстел үсті ойындары, құрастыру материалдары жеткілікті мөлшерде. Шығармашылықпен жұмыс жасауға театр түрлерімен, костюмдермен жабдықталған.

**2.Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:**

**1) білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына (бұдан әрі – МДТО ҮОЖ ) сәйкестігі**

Мектепке дейінгі ұйымда тәрбиелеу мен оқыту Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша жүргізіледі.

2020-2021оқу жылы 31.10.2018 жылғы №604 бұйрығы Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің (толықтыру және өзгерістериен 2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығы), №557 бұйрығы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірінің (толықтыру және өзгерістериен 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығы) және де Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министірінің 2020 жылғы 13 тамыздағы №345 бұйрығының 1-қосымшасын негізге ала отырып құрылды.

2021-2022оқу жылдары 31.10.2018 жылғы №604 бұйрығы Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің (толықтыру және өзгерістериен 2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығы), №557 бұйрығы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірінің (толықтыру және өзгерістериен 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығы) және де 2021- 2022 оқу жылында

Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хат негізге ала отырып құрылды.

2022-2023 оқу жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі – Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары); (2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар), «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына (2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 412 өзгерістер енгізу туралы бұйрығы.) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы) және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы, «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу – білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алынды, құрылды.

**2) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру, соның ішінде:**

Білім беру ұйымының білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына сәйкес «Айгөлек» балабақшасында оқу-тәрбие үрдісі мемлекеттік білім беру стандарты мен нормативті-басқару құжаттарынанегізделіп іске асырылады.

Балабақша аптасына 5 күндік жұмыс жасайды, күніне 10,5 сағат. Бөбекжай – балабақшасы сыйымдылығы 75 орын. 3 топ. Қазіргі таңда 56 бала тәрбиеленуде. 2-5 жас аралығындағы балалар қабылданады. Күн тәртібі бойынша балалар 5 мезгіл тамақтандырылады.

2-5 жасқа дейінгі аралығындағы балалар қабылданады. Күн тәртібі бойынша балалар 6 мезгіл тамақтандырылады. Балабақшаға тәрбиеленушілер контингенті фтизиатр дәрігердің жолдамасы арқылы **eaktobe.kz** сайты жолдама береді.

«Айгөлек» бөбекжай – балабақшасының жылдық жоспары оқу жылының басында талданып педагогикалық кеңесте бекітілген. Педагогикалық кеңестің хаттамалары өткен педагогикалық кеңестегі қаралған мәселелердің шешілгендігін талдау арқылы басталып отырған, сауатты, жан-жақты, нақты жазылған. Педагогикалық ұжымның іс-әрекеті нормативтік құжаттармен реттеледі. «Айгөлек» бөбекжай – балабақшасынын педагогикалық ұжымы оқыту-тәрбиелеу процесін:

-ҚР «Білім туралы» Заңына;

-Жарғысына;

-Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

-Оқу жұмыс жоспарына;

-Ішкі тәртіп ережелеріне;

-ҚР Білім және ғылым министрлігінің, облыстық білім басқармасының және қалалықбілім бөлімінің бұйрық, нұсқау, қаулыларына сәйкес ұйымдастырады.

Ата–аналар жиналысының хаттамалары жазылған, тігілген, нөмірленген, бекітілген, материалдары жинақталған. Ата - аналар туралы мәліметтер жинақталған.

Оқу-тәрбие процесін әдістемелік жағынан қамту мемелекеттік жалпыға міндетті стандарттың талаптарына сәйкес жүргізіледі. Педагогикалық жұмыстың нәтижесін арттыру мақсатынлда түрлі формада жылдық жоспарға сәйкес педагогикалық кеңестер, семинарлар, семинар - практикумдар, кеңес берулер, тренингтер өткізіледі. Облыстық, қалалық семинар, шебер сыныптарына қатысып іс-тәжірибе алмасып отырады. Әдістемелік жұмыстар диагностика, оқу-тәрбие жұмысын талдау, педкадрларды кәсіби даярлау деңгейі негізінде жүзеге асады. Педагогтар өз жұмыстарында жаңашыл әдістемелерді, формаларды қолданады

Тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасауда психологтың жылдық жоспары негізінде төменде көрсетілген бағыттармен жұмыстар жүргізеді.

Әдістемелік

Диагностикалық бағыт

Кеңес беру бағыты

Коррекциялық бағыт (түзету)

Ағарту және алдын -алу бағыты

Тәрбие жұмысы (Рухани адамгершілік тәрбие)

Ата –аналармен жұмысты ұйымдастыру

Әлеуметтік жағынан тұрмысы нашар отбасылармен және қиын тәрбиеленушілердің тәрбиесін алдын алу бойынша жұмыс

Оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескере отырып сабақтастық байланыс әр жылда жылдық жоспарға жазылып бекітіледі. Жас ерекшеліктеріне байланысты жеке тұлғаны дамытуда оқу қызыметіне қажетті құралдар:

- ойын іс-әрекетіне, әр түрлі ойлау қабілеттеріне қажетті құралдар және материалдармен;
- жапсыру, сурет, құрастыру іс-әрекеттеріне қажетті құралдар, А3 форматта көрнекіліктер;
- балалардың қимылдық іс-әрекеттеріне қажетті спорттық құрал-жабдықтарменжабдықталған.

Әр топта үстел үсті ойындары, құрастыру материалдары жеткілікті мөлшерде. Шығармашылық қиял және театр қызметі арқылы қоршаған ортамен таныстыру мақсатымен әр түрлі театрлар дайындалған.

**«Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» бағдарламасы бойынша жұмыс жоспарының орындалуы**

2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарында «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру:болашаққа бағдар» мақаласындағы бастамаларын қолдай отырып,оның идеяларын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары жазылып, қыркүйек айында «Рухани адамгершілік құндылықтары» туралы тақырыптық сағаттар, «Мен өз елімнің патриотымын» ашық тәрбие сағаты, «Туған өлкем – алтын бесігім» музыкалық фестивалі өткізілді. Әр жыл сайын жоспарға сәйкес «Кең байтақ менің Отаным» бұрышын жинақталады, жаңартылады, «ҚР Конституциясы – Қазақстанның тұрақты дамуы мен өркендеуінің негізі» тақырыбында тіл мамандарымен ұйымдастырылған викториналар, дискуссиялар өтеді. «Тәуелсіз елдің бақытты баласымыз», Наурыз – жыл басы», «1-мамыр – Қазақстан халықтарының достық, бірлік мерекесі» ертеңгілік, тақырыптық сағаттары өткізіледі. «Арайлы Ақтөбем – туған өлкем!», «Қазақстан – менің туған өлкем» атты сурет көрмелері. Тілдер күні мерекесіне орай «Халықтың ұлы байлығы-оның тілінде» салтанатты жиын, 1 қазан қарттар күніне орай «Қарттар асыл қазынам» ертеңгілік, «Рухани жаңғыру біздің балабақшада» ҰАІӘ ұйымдастырылды.

Бөбекжай-балабақшаның оқу жұмыс жоспары қалалық білім бөлімі басшысымен келісіліп, меңгерушімен бекітілген. Жылдық жұмыс жоспарында өткен оқу жылдарына қорытынды жасалып, атқарылған жұмыстар талданған,

алдағы оқу жылының мақсат- міндеттері көрсетілген. Әр топтың ұйымдастырылған іс-әрекетінің жылдық перспективалық жоспары білім беру дағдыларына (Физикалық қаситеттерді дамыту, коммуникативтік дағдыларды дамыту, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру) ескере отырып құрылған. Жылдық жоспар, жас ерекшеліктеріне байланысты күн тәртібі балабақша меңгерушісімен бекітілген.

Ясли-балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес ұйымдастырылған түрлі шаралар баланың тұлға болып қалыптасуына бағытталған. Олар: «От – тілсіз жау», «Жаяу жүргінші нені білуі керек?», «Бәрін білгім келеді», «Жолда жүру ережесін сақтаймыз», «Бөгде адаммен сөйлеспе», «Тұрмыстық жағдайдағы қауіпсіздік шараларын сақтау», «Улы өсімдіктен қалай сақтанамыз», «Дұрыс тамақтану - денсаулықтың негізі», «Көзжанарын қалай күтеміз?» сияқты балалардың қауіпсіздік туралы білімдерін кеңейтуге бағытталған тақырыптық сағаттар. Елорда күні, Рәміздер, «Ата Заңым – айбыным!», «Білім күні», «Қарты бар үйдің қазынасы бар», «Ұстаз, сізге мың алғыс!», «Арайлы алтын күз», «Тұңғыш Президент күні», «Тәуелсіздік тұғырым», «Жарқыра, жаңа жыл!», «Алғыс айту», «8 наурыз – көктем мерекесі», «Наурыз, төрлет төріме!», «Ғарышкер күні», «1– мамыр бірлік пен ынтымақ күні», «Отан қорғаушылар күні», «9-мамыр Жеңіс күні»,
«Еңсесі биік – Ұлы Жеңіс», «Қош балғын, балалық шақ!» мерекелік шаралары мен ертеңгіліктері. Аталған мерекелерге сәйкес бөбекжай-балабақшада ата-аналардың қатысуымен көрмелер ұйымдастырылады. Балалардың тілін, шығармашылық қабілетіндамытуға бағытталған «Ерте, ерте, ертеде...» ертегі қойылымдары жыл сайын қойылым түрінде өткізіледі.

Ата-аналармен жұмыс түрлері жоспарға сай өтіп тұрады. «Астана күні», «Арайлы қалам, Ақтөбем!», «Төрлет, Наурыз, төріме!» мерекелері, «Баланың мектепке дайындығы» тақырыбындағы жиналысы, «Кім күшті!» спорттық эстафетасы. «Қазағымның дастарханы» атты ата-аналармен бірлескен ұлттық тағамдар көрме-жәрмеңкесі өтті. «Бала тәрбиесіндегі салт-дәстүрлер» тақырыбында дөңгелек үстел, «Баланың балабақшаға бейімделуі» атты жиналыс.

Жаңадан қабылданған балалармен және оның ата-аналарымен бейімделу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Баламен жеке жұмыстар, ата-аналарға, «Күн тәртібінің маңызы», «Балабақшадағы бейімделу кезіндегі ата-ананың рөлі» тақырыптарында кеңестер берілді. Психологиялық кеңестер, тренингтер арқылы ата-анамен жұмыстар жүргізілді.

«Балабақшаның ашық есік күні», сауалнама, психологиялық тренингтер өткізіліп, нәтижесінде ата-аналарды балабақша өміріне ат салысуға шақырамыз.

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында балабақшаның барлық топ бөлмелерінде, кіре беріс есіктер мен балабақша ауласының аумағында толық бейнебақылау камералары қондырылған. Бөбекжай-балабақшаның бөлмелері жарық пен жылумен қамтамасыз етілген.

Мектепке дейінгі ұйымда сауықтыру-шынықтыру, эстетикалық, сөйлеу, ақыл-ой, танымдық дамуының белгілі жағдайлары жасалған.

Жылдық жоспар жұмысының талдануы, педагогикалық кеңестер жылдық жоспарға сай өткізілген, хаттамалары жазылып нөмірленген, мөр басылған. Педагогикалық кеңес тақырыптары дұрыс қойылған. Бұл іс-шаралар оқу–тәрбие жұмыстарын тиімді ұйымдастыруға, жылдық міндеттерді шешуге бағытталған. Театр түрлерін қолдану, балалардың логикалық қабілетін дамыту іс–әрекеттерінде инновациялық технологияларын ендіру және жетілдіру, тыңдау қабілетін, сөзді дыбыстық талдау машықтары, дұрыс әрі анық сөйлеу дағдыларын жетілдіру, балаларды әңгімелеуге үйрету, отбасымен байланыс жасау, сауықтыру-шынықтыру іс-әрекеттерін дұрыс ұйымдастыру сұрақтарына көп назар аударылады.

**3) МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістік дамытушы орта құру (жалпы білім беру ұйымы бойынша мектеп жасына дейінгі баланың жеке, тұлғалық, зияткерлік. Әлеуметтік және эмоцмоналдық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасау туралы бейнематириалдар, сондай-ақ жабдықтар мен жиһазға жүкқұжаттардың көшірмелері және бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдар тізбесінің көшірмелері қоса беріледі):**

Топтағы пәндік-дамыту орталықтар жас ерекшеліктеріне сай құрылған, ясли - бақшадағы топтардың барлығы балалардың жас ерекшелігіне сай жабдықталып, безендірілген, қажетті көрнекілік құралдармен қамтамасыз етілген. Балалардың денсаулығын және өмірін сақтаудағы қауіпсіздік ережелері қатаң сақталған. Қабылдау бөлмесінде ата - аналарға арналған ақпарат бұрыштары, жылжымалы папкалары бар. Ондаата-аналарға арналған педагогикалық және дәрігерлік кеңестер мен хабарландырулар, балалардың жеткен жетістіктері туралы ақпараттар берілген. Топтарда «Шаштараз», «Дәріхана» ойындары, «Қазақы үй», «Табиғат», «Біз кезекшіміз» бұрыштары сюжеттік - ролдік ойындардың құрал жабдықтары жинақталған, бөлме

өсімдіктері өсіріледі. Топта балалардың ой-өрісін, тілдерін дамыту мақсатында лото, мозайка, үстел үсті және әр-түрлі құрастырмалы ойыншықтар жинағы бар. Театрлық іс-әрекеттерін және шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында драматизациялауға арналған қуыршақтар, үстел үсті театрлар, көлеңкелі театрларының атрибуттары жинақталған. Топ тәрбиешілерінің көрнекіліктері эстетикалық талғамға сай жасалған.

Бөбекжай-балабақшасында кеңістік-пәндік ортаны дайындау барысында «Бала құқығы», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері», «Мемлекеттік қызмет көрсету»,«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы», «Лаңкестік- қоғамға қауіпті қатер», «Сенім жәшігі», «Бала мен балабақша», «Ата-аналар, сіздер үшін», «Денсаулық бұрышы», «Кәсіподақ бұрышы», «Біздің мақтанышымыз», «Қауіпсіздік бұрышы», «Жол ережелері», атты мемлекеттік белгілер мен тақырыптық стендтер орнатылған.

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында балабақшаның барлық топ бөлмелерінде, кіре беріс есіктер мен балабақша ауласының аумағында толық бейнебақылау камералары қондырылған. Бөбекжай-балабақшаның бөлмелері жарық пен жылумен қамтамасыз етілген.

Балалар қауіпсіздігін басты назарға ала отырып, білім беру жағдайларын жасау балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім дағдылары мен рухани жаңғыру бағдарламасын іске асыру мақсатында білім беру бағыттарын кіріктіріп, заттық кеңістікті дамытушы ортаны жабдықтауға, инновациялық әдістермен технологияларды қолдана отырып балалардың қажеттілігін қанағаттандыруға аса мән берілді.

**Физикалық қаситеттерді дамыту** бойынша:

Балалардың өз бетінше қимыл-қозғалыс іс-әрекеттеріне, баланың дене бітімі мен психикасын қолайлы сезінуін қамтамасыз ететін, қимылды ойындар жиынтығы, доптар, атрибуттар, табан бұлшық еттерін жетілдіруге арналған, массажды төсеніштер түрлі пішіні, ойын материалдары бар.

Мәдени-гигиеналық әдеттері мен дағдыларын кеңейтіп, жетілдіруге арналған сауықтыру-шынықтыру шаралар жоспары белгіленген.

**Коммуникативтік дағдыларды дамыту** бойынша:

Балалардың ойын технологиялары негізінде көркем әдебиеттермен қатар атрибуттар театр бұрышы қамтамасыз етілген.

**Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту** бойынша:

Түрлі-түсті заттар мен құралдарды қолдану, түстерді ажырата білу, біртекті заттардың ортақ белгісіне қарай топтастыра білу, ұсақ қол

моторикасын дамыту. Қоршаған ортаны бағдарлау аясын кеңейту. Сезімдік тәжірибесін қалыптастыру түйсігі мен қабылдауын жетілдіру.

**Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту** бойынша:

Тәрбиеленушілердің жас шамасын ескере отырып, бейнелеу құралдарының түрлерімен мен музыкалық аспаптармен, ертегі және әңгімелер тыңдауға арналаған дидактикалық ойындармен жабдықталған.

**Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**

Бейімделу процесіне ықпал ететін, мінез-құлықтың қарапайым ережелерін сақтай отырып, өз құрдастарымен ынтымақтастылыққа тәрбиелейтін жағдай жасалған. Жыл мезгілдері, үй және жабайы жануарлар жинағы, ұлттық бұрыштар, ойындар.

Бөбекжай-балабақшасы «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 29 желтоқсандағы № 662 бұйрығы негізінде уақытылы жұмыстар жүргізіледі.

**4)МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуы:**

Қазіргі уақытта «Айгөлек» бөбекжай– балабақшасында барлығы 10 педагогжұмыс жасайды. Мектепке дейінгі педагог-қызметкерлердің штаттық кестесі ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысымен бекітілген мектепке дейінгі ұйымдардың үлгі штаттық кестесіне сәйкес жасалған және қалалық білім бөлімітарапынан бекітілген. бөбекжай-балабақшада кадрлар тұрақты.

Қазіргі таңда «Айгөлек» бөбекжай – балабақшасында 1 меңгеруші, 1 әдіскер, 1 психолог, 6 тәрбиеш, 1 музыка жетекші маманы жұмыс жасайды.

**2022-2023** оқу жылында барлығы **10 педагог** жұмыс жасайды.
Жоғары білімді – 7 педагог (70%)
Оның ішінде
«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша – 2 (20%)
Арнаулы орта білімді – 3 педагог (30%)

Оның ішінде
«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша – 3 (30%)
**Сапалық құрамы бойынша:**
Жоғарғы санатты: - 0
Бірінші санатты: - 1(10%)
Екінші санатты: - 1 (10%)
Педагог-зерттеуші: - 0
Педагог-модератор: -1 (10%)
Санаты жоқ: - 7 (70%)
**Біліктілік курсынан өткен педагогтар:**
«Өрлеу» БАҰО – 5 педагог
**Медицина қызметкерлері бойынша**
Барлығы – 1;
Білімі жоғары – 0
Арнаулы орта – 1
**Оның ішінде санаты бойынша**
Жоғары санатты – 0
Санаты жоқ – 1

**Педагогтардың білімі туралы мәлімет**

| Оқу жылдары | Барлық педагог тар | Мектепке дейінгі жоғары білім | Жоғары пед.білім | Мектепке дейінгі арнаулы орта білім | Арнаулы орта білім | Педагоги калық білімі жоқ |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2020-2021 | 10 | 2 (20%) | 4(50%) | 4 (40%) | - | - |
| 2021-2022 | 10 | 2 (20%) | 4(40%) | 4(40%) | - | - |
| 2022-2023 | 10 | 2 (20%) | 5(50%) | 3(30%) | - | - |

**Біліктілік санаты бойынша кадрларға мінездеме**

| Оқу жылдары | Педаго гтар саны | Жоғары | Бірінші | Екінші | Санаты жоқ | Педагог-модера тор | Педагог-сарапшы | Педаг ог-зертте уші |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2020-2021 | 10 | | 1(10 %) | 2(20%) | 6(70%) | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2021-2022 | 10 | | 1(10 %) | 1(20%) | 7(70%) | 1(10%) | | |
| 2022-2023 | 10 | | 1(10 %) | 1(10%) | 7(70%) | 1(10%) | | |

Екінші, бірінші, педагог-сарапшы санаты бар тәрбиешілердің саны-3(30%) Өткен жылдармен салыстырғандағы біліктілік санаттарының көрсеткіші:

2020-2021 оқу жылы: 10 педагогтан санаты бар 4 педагог (40%)

2021-2022 оқу жылы: 10 педагогтан санаты бар 3 педагог (30%)

2022-2023 оқу жылы: 10 педагогтан санаты бар 3 педагог (30%)

Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігі педагогтардың біліктілік санатын көтеруге көп көңіл бөледі.

| **Оқу жылдары** | **Педагогтар саны** | **«Өрлеу» БАҰО** | **«Педагогикалық шеберлік» орталығы** | **Басқа курстар** |
|---|---|---|---|---|
| 2020-2021 | 10 | 3 | 0 | 0 |
| 2021 -2022 | 10 | 2 | 0 | 0 |
| 2022-2023 | 10 | 5 | 0 | 0 |

2022-2023 оқу жылында облыстық біліктілікті арттыру институтында қайта даярлау және біліктілікті арттырудың курстарынан 5 (50%) педагог білім жетілдіру курстарынан өтті.

Соңғы 5 жылда кәсіби біліктілігін арттырған педагогтардың пайыздық көрсеткіші:

2020-2021 оқу жылында – 3 педагог (30%)

2021-2022 оқу жылы (6 ай) – 2 педагог (20%)

2022-2023 оқу жылы – 3 педагог (30%)

**2022-2023 оқу жылындағы педагогтар туралы мәлімет**

| № | Аты-жөні, тегі | Қызметі | Санаты | Білімі (диплом бойынша мамандығы, бітірген жылы) |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Оразай Айнұр Сүйеубайқызы | Меңгеруші | Санатсыз | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту 2010 жыл |
| 2 | Мұрат Гүлжазира Бақытжанқызы | Әдіскер | Санатсыз | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту 2018 жыл |
| 3 | Айжарықова Айдана Сәкентайқызы | Педагог-психолог | Санатсыз | Психолог 2021 жыл |
| 4 | Аманжолова Гульнара Жарылгасовна | Музыка жетекшісі | І санат | Музыка 2003 жыл |
| 5 | Курмалакова Светлана Нурмухановна | Тәрбиеші | ІІ санат | Мектепке дейінгі тәрбие 1996 жыл |
| 6 | Илюбаева Бакыт Бисенбаевна | Тәрбиеші | Санатсыз | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту 2015 жыл |
| 7 | Джумаева Асель Турганбаевна | Тәрбиеші | Санатсыз | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту 2015 жыл |
| 8 | Медиева Аққұртқа Жұмақызы | Тәрбиеші | Санатсыз | Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу 2021 жыл |
| 9 | Жонысова Алмагуль Хамзаевна | Тәрбиеші | Педагог-модератор | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту 2015 жыл |
| 10 | Ералиева Ақбөбек Жеңісқызы | Тәрбиеші | Санатсыз | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту 2019 жыл |

Педагогтар өздерінің кәсіби шеберліктерін өз бетімен білім алу арқылы арттырады – бұл әдістемелік бірлестіктерге қатысу, өзара байланыс жасау, жаңашыл әдісетемелік әдебиеттерді оқу, аудандық және облыстық семинарларға қатысып өз іс-тәжірибесімен бөлісу және аудандық, облыстық әдістемелік орталықтың қолдауымен әдістемелік жинақтырын баспадан шығару, қалалық, облыстық, республикалық баспаларға өз мақалаларын кеңестерін және ашық ҰОҚ-ін жариялау.

